

Нарықтық қатынастарға көшу кезеңінде мемлекеттік өкімет пен басқару органдарының бұқаралық ақпарат құралдарын, мемлекеттік кітап басу ісін қорғау жөніндегі шұғыл шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 15 сәуір 1992 ж. N 717. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2001.09.04. N 677 Жарлығымен. ~U010677

Азаматтардың жан-жақты ақпарат алу хұқын қамтамасыз ету, мерзімді баспасөз бен басқа да бұқаралық ақпарат құралдары, кітап басу және кітап таратудың қаржылық және материалдық-техникалық негізін нығайту, әлеуметтік маңызы зор басылымдарды шығару үшін тиісті жағдай жасау мақсатымен, саланың ерекшелігін, оның мәдени-тәрбиелік бағытын ескере отырып, қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:

мемлекеттік өкімет пен басқару органдарының мерзімді басылымдарын, республиканың мемлекеттік кітап баспаларын қағаздың баспалық сорттарымен, қатырмамен, мұқабалық және басқа материалдармен мемлекеттік тапсырыста көзделген көлемдерде қамтамасыз ететін болсын;

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне газеттер мен журналдар редакцияларын, мемлекеттік телерадио хабарлары компанияларын, баспаларды, полиграфия және кітап саудасы кәсіпорындарын, Қазақ мемлекеттік ақпарат агенттігін қосылған құнға салынатын салықтан босату, пайдаға жеңілдікті салық белгілеу туралы ұсыныс енгізсін;

мемлекеттік бюджетті тиянақтау кезінде бағаның ырықтандырылуын ескеріп, мемлекеттік тапсырыстың көлемінде мерзімді басылымдар мен әлеуметтік маңызы зор (балалар, жастар, оқулық, қазақ тіліндегі) әдебиетті шығаруға бөлінетін дотацияның ұлғайтылуын көздесін;

Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінің кәсіпорындары мен Қазақ мемлекеттік ақпарат агенттігі өздерінің негізгі қызмет шегінде тұтынатын электр энергиясы мен байланыс қызметіне жеңілдікті тариф белгілеу мүмкіншілігін қарасын;

қағаздың баспалық сорттарын, полиграфиялық жабдық, материалдар, телерадиоаппаратура сатып алу үшін Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігіне қажетті көлемде еркін айырбасталатын валюта бөлсін.

2. Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі

Қазақстан Республикасының Мемлекет мүлкі жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп кітап саудасы мен кітап тарату объектілерін, олардың негізгі функциясын сақтау принципін көздей отырып, меншіктеу және акцияландыру бағдарламасын әзірлеп, оның тәртібін бекітсін.

3. Жергілікті әкімшілік басшылары жергілікті баспасөзді, теледидар мен радионы қаржыландыру және материалдық-техникалық жабдықтау, соның ішінде бюджеттен тыс және көлденең қаржыдан бөлу мәселелерін қарасын.

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК